

Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агентігінің 2000 жыл сәуірдің N 01/7 Бұйрығына енгізілген толықтырулар және өзгертулер туралы "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасағанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 23 тамыздағы N 0-1/117 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1242. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жыл сәуірдің 5 N 3444 "Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларының тізбесін бекіту туралы" Жарлығының 1 тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жыл наурыздың 6 N 349 Жарлығымен бекітілген, экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасағанда берілетін жеңілдіктер мен преференциялар ережесінің 2 тармағына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жыл сәуірдің 14 N 01/7 "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасағанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы" бұйрығына келесі толықтырулар мен өзгерістер енгізуге:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 3 қосымшаның "2002 жылға дейінгі мерзімде отандық және шетелдік тікелей инвестиция тарту үшін маңызды өндірістер тізімі", 2 тарауына "Өндейтін өнеркәсіп", келесі жолдардың мазмұнын **е н г і з у г е :**

" Қ а н т ө н д і р у

Үздіксіз болат құю технологиясын қолдана отырып, қапталған және қапталмаған қара металл прокатын өндіру";

"Жиһаз құрау" жолын келесі жолдың мазмұнымен алмастыруға:

"Жиһаз және фурнитура өндіру".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК